


БАЗ2  
ш 33

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Молдір бұлак



СветлыЙ қодник



Wen  
Hausmutter  
Nora Tercel

OT abgera  
nachgezogen  
nachgestellt  
seien ~~vergessen!~~

Ackter

Wacker

1. Koestler.

29.09.2004,

AKL Rek.

**Ақылбек Шаяхмет**

*Молдір бұлак*

*Светлый родник*

Костанай – 2003

**ББК 84 /5 Каз/**

**Ш - 12**

*38*

**Ақылбек Шаяхмет**

**Молдір бұлақ. Пьесалар.  
Светлый родник. Пьесы**


Ақынның жаңа кітабына кейінгі жылдары жазған пьесалары еніп отыр. «Алғыс пен Қарғыс немесе жарық пен көлеңке» үлт үстазы, үлт үйткысы Ахмет Байтұрсыновқа арналса, «Таза бұлақ» қазіргі заман тақырыбын қозғайды.

Жазушының тілі шүрайлы, ойы орамды, тақырыбы өзекті.

**ISBN 9965-01-861-8**

**Ш 4803250200  
00/05/01**

**© Шаяхмет А.К. 2001**



Ақылбек Шаяхмет

## **Жаксылыкка қызмет ету - ұлы іс**

Білім адам жанына жарық береді. Нұр қарандылыққа сөүле түсіреді. Осы тұрғыдан келгенде қоғам қайраткері, ғалым, демократ ақын Ахмет Байтурсыновты жарық жүлдyzбен салыстыруға болады.

Жалғыз ол ғана емес, оның үстазы, ағартушы Ұбырай Алтынсарин қазақ даласын күн сөулесіндей оягты.

Жазушы Ақылбек Шаяхметтің өз жинағын „Мөлдір бұлак“ деп атауы тегін емес. Жаксылық бар жерде алғыс бар, жамандық бар жерде қарғыс айтылмай қалмайды. Алайда, әр адамның жанжүргінде таза бұлак болуы керек және одан достары мен жолаушылар қанып ішүі қажет.

Біздің университет қазақ халқының ұлы перзенттің есімін иелентен, мұның өзі біздерді оның ісіне адал болуга міндеттейді. „Филология“ термині сөзге деген мағаббат үғымын білдірсе, осы сөздің арқасында автор мәңгілік адамгершілік тақырыпты тағы көтеріп отыр.

Ол көздеңен мақсаттан шыға алды ма, құрметті оқырман, өздеріңіз төрелік айтасыздар!

X. Уәлиев

*A. Байтурсынов атындағы КМУ ректоры*

## **Служение добру – великое дело**

Знание озаряет путь человека. Луч освещает темноту. А жизнь и творчество Ахмета Байтурсынова, общественного деятеля, ученого и поэта-демократа, можно сравнить с яркой звездой. Он, так же как и его учитель, просветитель Ибраи Алтынсарин, подобно лучу солнца, пробудил казахскую степь.

Я думаю, книга писателя Акылбека Шаяхмета не случайно названа „Светлый родник”. Ведь обе пьесы сборника объединены одной темой – вечной борьбой добра со злом. Где есть добро, есть и благодарность. Где есть зло, не обойтись без проклятия. Но изначально душа каждого человека - чистый родник. Поэтому так важно сохранить ее светлой, чистой, способной дарить тепло и радость окружающим.

Наш университет носит имя великого сына казахского народа Ахмета Байтурсынова, и это обязывает нас быть преданными его делу – делу служения своему народу. Поэтому примечательно, что Акылбек Шаяхмет в книге пьес говорит не только о наших славных земляках, но и поднимает те проблемы, которые заставляют задуматься, прежде всего, о вечных ценностях человеческой жизни.

А как ему это удалось, судить Вам, уважаемые читатели!

*X. Валиев,  
ректор КГУ им. А. Байтурсынова*

**Алғыс пен Қарғыс  
немесе Жарық пен Коленже  
он бір көріністі пьеса**

**Бірінші көрініс**

*Ақкөлдің жағасы. Қалың қамыстың арасы.  
Сахнада қол үстасқан Ахмет пен Іңкор.*

**Ахмет:**

Сені көрсем, жүргім аузыма тығылып, кеудеме сыймай кетеді. Кейде үстаз алдында тұрган шәкірттей қобалжимын.

**Іңкор:**

Ертең алыс сапарға аттанғалы отырсың. Кимай кетемін дес-  
сийші.

**Ахмет:**

Ия, Іңкор! Кимаймын. Арман жетелеп, намыс қамшылаң, алысқа кетіп барамын. Мені бұл жолға ешкім айдан салған жок. Таңдауым осы. Максатым көп. Бірақ, қайда журсем де жүргімнің төрінде өзің ғанасың.

**Іңкор:**

„Әгтен, тонның келтесі-ай“ дейтін кеп өз басымда да бар. Менің қолым қысқа. Елдің сөзі үзын, өсегі көп. Эйтпесс, өзінмен бірге кетер ем. Құс қанатындаған маган бітсес, сенің барған жеріне самғап үшып жетер ем.

**Ахмет:**

Көп ұзамай ораламын. Тағдыр жазса, сол кезде табысармыз. Сағынысып қауышармыз, жаным! /Төсіне басып, құшақтайды/.

**Іңкор:**

Жүргі құрғыр бәріне сенеді, бірақ, өрекпі береді. Кейде ауыр ойлар еңсемді басады. Неге дегбірім қашады? Әлде келешек жақсылықтың, жақсы үміттің нышаны ма?!

**Ахмет:**

Солай деп жақсылыққа жориық.

**Іңкор:**

Өзің жиі айта беретін ана откен замандағы Қыз Жібек,

Еңлік секілді сүйгеніне қосыла алмай, арманда кеткен, зар жылаған қыз аз ба?! Көп болса, көп мұнлықтың бірі болып қалармын. Бірақ, көзімді ашып көргенім өзінсін. Не десен де, көнсемін.

*Ахмет:*

Олай қапаланба, Інкәр! Оку іздеу, өнерге үмтүлу-- жан құмарлығы. Мен сол құмарымды басу үшін ғана емес, туып-өскен ел-жұртыймың кезін ашу үшін жол жүргелі отырмын. Қалаға орналасып, біріңайланып болған соң тағы келіп, өзінді алып кетермін. Сен де оку оқисың.

*Інкәр:*

Айтқаның келсін. Ахмет! Мына орамалды өзіңе арнап кестелеп тіккен едім.

Өзімдей көр. Өзімдей болмаса, көзімдей көріп жүрерсін.

*Ахмет:*

Рахмет, жаным! /орамалды алып, ерніне басады/.

Карсы алғанда елден ерек танымды,

Сағынышың нұрга белеп жанымды,

Екеуміздің есіміміз жазылған

Колыма алам әсем орамалынды.

Айшыкты етіп гүл салыпсың бетіне,

Жібек жіптен шашак токып шетіне.

Біз екеуміз!

Екеу болсак, біргеміз,

Бірге болсак, болінбейміз екіге!

*Інкәр:*

Ия, біз екеуміз!/дауыстап айқайлап, сынғырлап күледі/

Екеу ешқашан да болінбейді.

*Ахмет:*

Дұрыс айтасың. Өмірде барлығы да егіз жаратылған. Адам да, ан мен құс та, тіпті өсімдіктер де жұбымен ғана өмір сүреді.

Екеуі қосылып:

Біз екеуміз! Болінбейді іргеміз! Мәңгі-баки біргеміз!

/көңілді әуен, қуанышты құлқі/

### Екінші көрініс

*Абакты. Ахмет темір тордың ар жағында.*

*Тerezенің алдына он бес-он алты жастағы қыз келеді.*

*Кыз:*

Ага, Сізге тамақ өкеліп едім.

*Ахмет:*

Рахмет, қарындасты! Карным аш емес. Маган осы араның тамағы да жетеді.

*Кыз:*

Бір тілім нан мен қатықсыз қара су ас болып жарыта ма?! Ас - адамның арқауы демей ме? Ішіп алыңыз!

*Ахмет:*

Рахмет, айналайын! Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын деген екен бұрынғылар. Тапқантаянғаның өз басыңа жетпей жүріп, мұның не, жаным-ау! Бұдан былай маган тамақ өкелмей-ақ қой.

*Кыз:*

Жок, ага! Колымды қақпаңыз. Ниетімді қайтарманыз. Өзіңгіде деген ықыласым гой. Сіз халыққа керек адамсыз.

*Ахмет:*

Оны қайдан білдің?

*Кыз:*

Ел құлағы елу емес пе?!

*Ахмет:*

Өзінді осы түрме ішінде бұрын да көрдім. Есімің кім, қарындасты?

*Кыз:*

Есімім Александра. Эке-шешеден ерте айырылған соң осы түрменің еденін жуып, күнкөріс жасап журмін.

*Ахмет:*

Тағдыр ісіне не шара?! Үқыласыңа тағы да рахмет, қарындасты. Ендеңе маган тағы бір көмек жаса. Менің жазған-сызғандарымды осындағы бір таныстарыма апарып қою керек еді.

*Кыз:*

Ага, сіздің өтінішінді орындау мен үшін үлкен абырай. Бұлжытпай орындаимын!

*Ахмет:*

Ендеңе ертең бір айналып сок. Мен барлығын дайындал

көййин.

**Кыз:**

Жақсы, ага! Көріскенше сау болыңыз!

**Ахмет:**

Сау бол, айналайын!

Кыз шығып кетеді.

**Ахмет /өзіне өзі/:**

Киіктің асығындаі бала екен. Мінезі де, тіпті мүсіні де Іңкөрдан айнымайды. Ақкөлдің жағасына, Ақкүмның даласына қайтып келемін деген уәдем бар еді. Мына кері кеткен заман ырқыма қойды ма? Жаралы жанымды қалай жұбатайын? Жүректегі запыранды қалай кетірейін? Тар қапаста даланы аңсасам да, елді сағынсам да көз алдымда Іңкөр тұрады.

*Ахмет ақырын әндетеңді. Әуелі баулатып бастаса да кейін дауысы күшіне түседі:*

Ақкүмның бір қызы бар Іңкөр атты,  
Сөзі бар алуа, шекер, балдан төтті.  
Адамның өзі көрген абзалы екен,  
Айтайын өлең қылып перизатты.  
Көзімнің жанарындаі сөулем едің,  
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.  
Ойымнан жатсам-тұрсам еш кетпейсің,  
Басымды не сиқырмен өуреледің?

### Үшінші көрініс

*Семей абақтысы. Тор көздің ар жағынан болмашы гана сәулे байқалады.*

*Тергеуші Ахметтен жауап алып отыр.*

**Тергеуші:**

Сіз он жыл бойы мұғалімдік қызмет атқарған екенсіз. Балаларға білім беруге үкіметтің қарсылығы жок. Бірақ, қазак халқының атынан жазылған петицияға сіз де қол қойыпсыз. Сондай мақсатыңыз не?

**Ахмет:**

Мақсатым - халықтың көзін ашу, сол жолда елдің басын біріктіру, Орыс халқының Крылов деген ақыны болған. Мен сол кісінің мысал өлендерін аудардым. Ол да сондай иғі мақсаттан туған.

**Тергеуші:**

Сіздің әкеніз Байтұрсын Сібірге айдалған екен. Не үшін айдалғанын жақсы білстін шығарсыз.

**Ахмет:**

Ол кезде мен он үштегі баламын.

**Тергеуші:**

Сіз айтпасаңыз, мен айттайын. Ол ояз Яковлевке қол көтеріп, басын жарған, яғни, бұзакылық жасаған, сол үшін жазасын алған. Ал сіз болсаңыз тагы да ел арасына іріткі салғыныз келеді.

**Ахмет:**

Іріткі емес, ол өмірлік мәселелер. Біздің петицияда көрсеткен негізгі мәселеміз жер мәселесі. Жер дауы деген қазакта ежелден бар. Қазақ жеріне переселендердің кейінгі кезде көп келіп жатқаны рас, соны тоқтата тұруды отінгенбіз. Екінші - жергілікті халыққа земство берілуі керек. Үшінші, қазақ халқы мұфтиге қарауы керек, өйткені, олар мұсылман халқы болып есептеледі деп жазғанбыз.

**Тергеуші:**

Бірақ, сіздің бұл пікіріңізге қазактың белгілі болыстары, тіпті олардың тілмаштарына дейін қарсы ғой.

**Ахмет:**

Ол олардың жеке пікірі. Мен өз пікірімде қаламын.

**Тергеуші:**

Жарайды! Бүгінгі әнгімені осымен доғара тұрайық. Конвой! Тұтқынды алып кетіңіз.

*Ахмет шығып кетеді. Артында мылтық асынган конвой.*  
*Сахна айналады.*

*Абақты камерасының терезесінде темір тор.*

**Ахмет:**

Кайран, Абай! "Ойында жок бірінің Салтыков пен Толстой" дегендес, ұлы ақынның көкірегі шерге толған екен-ау. Ой үстінде жүрегіме оқ тиіп, сол қансыраған жараның орны өлі бітпей келеді.

Отырмын абақтының бөлмесінде,  
Бүйрықсыз, көз жетеді өлмесіме.  
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп,

Ажалдан басқа ешкім келмесіне.

Коршаулы айналасы биік қорған,  
Берік қып салған темір терезесіне.  
Калайша мұны көріп көніл сенбес,  
Аттанып жау келсе де бермесіне.

Қанбакпен салмағын тен бұл бір заман,  
Ылаж жоқ жел айдаса ермесіңе,  
Тайпалған талай жорға, талай түлпар,  
Тағдырдың кез келіп түр кермесіне.  
Солардан жаным - төнім ардақты емес,  
Орынсыз күйзелейін мен несіне!

*Ахмет турған орын жап-жарық. Екінші бұрышка сөуле түседі. Ол жерде қара киімді, алде адам, алде басқа бір мақұлық па, әйтеуір, қара киімді көлеңке көзге түседі. Оның екі жағынан да жарық түсіп, көлеңкесінің өзі арбынып, бүйі құсан көрінеді.*

### Төртінші көрініс

*Сахнада қара көйлек киген, басына ак жаулық салған  
Бәдірисафа.*

**Бәдірисафа:**

Ахметпен кездескенім күні кеше ғана сиякты еді. Уақыт не деген жүйрік?! Тағдыр ісіне көнбеске шараң жоқ.

"Жақсының аты өлмейді" деген рас екен. Ахмет дәл қазір менің жанымда тұргандай.

**Алдынан жас жігіт жолыгады:**

**Жігіт:**

Армысыз, Бәдеш апа !

**Бәдірисафа:**

Бар бол, балам ! Танымадым гой, кім боласын?

**Шәкірт:**

Мен Ахаңның шәкіртімін, апа! Ол кісі маган Әулиекел деген жерде сабак беріп еді. Сабактары қандай тағылымды еді?!  
Әлі есімде, тактаға араб әрпімен "Ш" әрпін таңбалайтын.

Балалар, карандар!  
Бұл аш шал,  
Бойыңа назар сал!

Сақал-шашы ак,  
Кайраты қайткан шак.  
Аукаты - шабак,  
Сусыны шалап,  
Каткан аш, арық,  
Бұл сондай шатақ шал!  
дегеннен кейін "ш" әрпін енді қайтып ұмытпайтынбыз.

**Бәдірисафа:**

Рахмет, балам! Аханның халқына жасаған жақсылығын елі ұмытпас. Ол кісі төңірегін жарық қылған жалын, жаратушының жіберген нұры секілді кісі еді гой, жарықтық!

/музыка ойналады/

*Сахнаның ортасындағы Ахаң суретіне жан біткендей болады.  
Сурет түрган орыннан Ахмет шыгады.*

**Ахмет рухы:**

Ия!

Мен кешеден келген жарық нұрмын,  
Төуелсіздік заманды танып турмын.  
Бәдірисафа, өзінді ойда жокта  
Қарқаралы жерінде жолықтырдым.

**Бәдірисафа:**

Әуелі Алда жаратқан,  
Әулие-әмбие үрпағынды қолдасын,  
Неге есімде болмасын?!

Ол бір жарқын күн еді,  
Әлі есімде түрмедегі өні қашқан ренің.  
Бірақ, батыл серпіп тастап қараңғылық түнегін,  
Сен сонда да жап-жарық бол түр едің.

**Ахмет рухы:**

Кинамайды абақтыға жапқаны,  
Қыын емес дарға асканы, атқаны.  
Маган ауыр осылардың бәрінен,  
Өз ауылымның иттері үріп қапқаны.

*Сахна көмеккіленіп, екі бұрыштан екі коленке шыгады.*

**1-ші коленке:**

Біздің көзіміз орыс окуы, орыс тілі арқылы ашылды. Ал Карқаралыдағы Ахмет Байтұрсынов дейтін мұғалім басқаратын училищеде ылғи қазак балалары оқиды. Олардың арасында тіпті

бірде бір орыс баласы жоқ. Оқитын балалар бар, бірақ оларды Байтұрсынов үлтшыл болғандықтан өдейі алмаған. Ал жақында сол оку орнындағы қазақ шәкірттері бір сарттың баласын жабылып сабапты. Ахметті Бірінші Думаның мүшесі Әлихан Бекейханов қолдайды. Ол да соған сүйеніп, ойна келгенін істеп отыр. Балаларды тек қазақша оқытып, қазақ дәстүрін үйретеді. Үкіметке қарсы ғайбат сөздер айтады.

### *2-ші көлеңке:*

Ахмет Крыловтың мысалдарын аударады. Бірақ, оның өнін айналдырып өзгертіп, үлтшылдық пиғылын танытуға қолданып жүр. Мысалы, "Қасқыр мен Тырна" деген өлеңін "Қасқырдай қара жүрек залымдардың Жүрмендер тусіп кетіп тамағына" деп аяқтапты. Қасқыр деп отырғаны ұлы орыс халқы екені, қазакты қойға теңегені тайға таңба басқандай белгілі.

### *1-ші көлеңке:*

Ахмет басқарған "Қазақ" газеті қазақ тілін бірінші орынга қояды, балаларды осы тілде ғана оқытуға үгіттейді. Ахмет орыс сөздерін де монсінбейді, көп сөздерге қазақ тіліндегі балама тауып, балалар санасына солай сініруге тырысады. Бұл үшін губернатор мен полиция оған бірнеше рет айып салды, тұтқынға алу туралы шешім де шыгарды, алайда оның достары мен жақындары қажетті акшаны жиып беріп, құтқарып алды. Газетте ел басқарған жақсыларға тұл тигізген мақалалар басылады.

### *2-ші көлеңке:*

"Қазақ" газетін шыгарушы Ахмет Байтұрсынов һем Міржақып Дулатов өздерінің агенттері һем школдағы шәкірттері арқылы қазақ халқын өкіметке қарсы тұруға күтыртып жатыр. Түрік пен неміс орысты жеңіп тұр, қамсыз қалмандар, кезі келді, кимылданап қалындар деп жол береді. Және де халыққа түсіндіреді: "Қазақ Россияға қараганнан бері орыс үкіметі қазаққа пайдалы закон шыгарып көрген жоқ, қазакты жұрт екен демейді, жерден ақымақ болып айрылдық" дейді.

### *Ахмет рухы:*

Іші лас, сырты таза залымдардың арбауына алданба,  
бауырларым!

Есінді жи!  
Еркін далам қайда?  
Еркін көшкен ел қайда?  
Бетегелі бел қайда?  
Шагалалы көл қайда?

Малың алдауда.  
Жаның арбауда.  
Жақының қамауда.  
Тілің курсаулы.  
Адымың тұсаулы.  
Лақ құрлы бакырмай,  
Өлемісің, япымай!

*Бәдірисаға:*

Қазак халқы : "йт үреді, керуен көшеді" демей ме?!

Сіз секілді халық қамын ойлаған азаматқа табыстырыған  
Тағдырыма ризамын!

*Ахмет рухы:*

Рахмет, Бәдеш! Сенің ықыласына ұлы Абай сөзімен жауап  
берейін:

"Дүнияда сенен артық маған жар жок!"

/ осы өннің дуені ойналып, кейіпкерлер кетеді/.

**Бесінші корініс**

*Жұпыны бөлме. Кітап сөресі мен музикалық аспаптардан  
басқа артық бүйім жок.*

*Сахнада Елдес пен Эльза.*

*Елдес ән бастайды:*

Мәриям Жагор деген орыс қызы,  
Он бес пен он алтыға келген кезі.  
Жігітке Дудар деген ғашық болып,  
Сондағы Мәриямның айтқан сөзі.

*Эльза қосылады:*

Дудар-айым, дудым,  
Сенің үшін тудым.  
Шіркін-ай, Дудар-айым, дудым-ай!

*Елдес:*

Мынандай өнге кейіпкер болған Дударда не арман бар ?

*Эльза:*

Дударға ғашық болған Мәриям да тегін емес-ая.

*Елдес:*

Екеуі бір-біріне сай болған ғой.

Ахмет Байтұрсынов та жас кезінде Інкәр деген қазак  
қызына ғашық болған. Оның "Аққұмның бір қызы бар..Інкәр

атты" деген өнін қазір екінің бірі біледі. Бірак, онымен қосылуды тағдыр жазбапты.

**Эльза:**

Елдес, сен білесің бе, Ахан Бәдеш апайға үйленгенде ауылдағы туыстары ұнатпапты деседі, ұлты басқа деген болар. Біздің де жағдайымыз сол кісілерге үқсас емес пе?!

**Елдес:**

Үқсас болғанда қандай?! Егіз қозыдай айнымайды десе де болады. Ахан елге барғанда осы сауал оның да алдынан шығыпты. Ауылдастары: "Өзіңіз қазақ бола тұра, келіншекті басқа үлттан алуының қалай?" - деп сұраса керек. Сонда Ахан: Ол рас!

Мына отырған Александра Ивановна,  
Ризамын маган оны Тағдырдың қиганына.  
Бір қазақ бір көпірді мұсылман қылса,  
Татиды он қазақтың иманына, - деп жауап беріпті.

**Эльза:**

Тауып айтқан екен.

**Елдес:**

Ахан жан-жарын мұсылман дініне кіргізіп, құлағына азан айтып, Александра атын өзгертіп, Бәдірисафа деп ат қойған. Некелерін қызып, неке суын ішіп дегендей, қазакы салт-дәстүрге сай үйленген. Элихан Бекейхановтың жұбайы да орыс қызы. Оя кісі де қазақша-орысшаға бірдей.

**Эльза:** /сықылықта п құліп/

Ой, Елдес, олар орысша және қазақша білсе жетіп жатыр. Ал менің ана тілім неміс тілі гой. Сонда маган үш тілді білу керек кой.

**Елдес:**

Ендеше сен маган неміс тілін үйрет, мен қазақ тілінен колқабыс жасайын. Тіл білгеннің пайдасы болмаса, зияны жок.

**Эльза :**

Витте!

**Елдес:**

Данке!

**Эльза:**

Тіл дегеннен шығады, мен баяғыда Ташкенттен

Кызылордаға кетіп бара жатқанда Міржақыпқа хат беріп жібергендің есінде ме?

**Елдес:**

Ол бір үзак хикая. Онда мен математикалық формулалардың белгіленуі жөніндегі мөселелер туралы Аханмен ақылдастырым келген. Сол хат тергеушілердің қолына түсіп, есімізді шыгарған. Элгі үсті-басы түгел былгары, түсі сұқтар формуланы құпия шифр деп ұғып, басымызды өңкі-тәңкі қылған.

**Эльза:**

Рас, рас! Сол кездегі көрген корлық өмірі естен кетер ме?

**Елдес:**

Жарайды, еркем! Мен баспа жаққа барып келейін.

*/Есіктен шығып кетеді. Бәдірисафа кіреді/.*

**Эльза:**

Армысыз, Бәдеш апа! Кімді айтса сол келеді деген рас екен. Элгінде ғана Елдес екеуміз сіздерді өңгіме қылыш едік.

**Бәдірисафа:**

Сонғы кезде біртүрлі жүрегім қобалжып, мазам кетіп жүргені.

**Эльза:**

Ол аумалы-төкпелі заманның ауа райына байланысты шығар. Ахан мен Елдес те келешек үшін жандарын шуберекке түйіп, жарғақ құлактары жастыққа тимей жүр гой.

**Бәдірисафа:**

Біз осындай қысылтаяң шакта оларга сүйеу болуымыз қажет.

**Эльза:**

Дұрыс айтасыз! Сүйей де, сүйе де білуіміз керек. Шынымды айтсам бар гой, осы Елдестің етегінен үстап, тағдырымды қосақтағалы адал да аңғал қазақ халқын керемет жақсы көріп кеттім.

**Бәдірисафа:**

Ұзагынан сүйіндірсін!

*/қолына мандолин аспабын алады/*

Домбыра шертуді үйренгім келіп еді, икемге келмей жүр.

**Эльза:**

Ендеңе Абайдың өнін айтайык. Мен бастайын. Сіз

косылыныз, Бәдеш апа!

*Екеуі қосылып әндепеді:*

“Каранғы түнде тау қалғып,  
Үйкіга кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал қып  
Түн басады салбырап.  
Шаң шығармас жол-дағы,  
Сілкіне алмас жагтырак.  
Тыншыгарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсан азырак.”

*/ екеуі құшактасып, бірге кетеді/*

**Алтыншы көрініс**

*Орынбор қаласы. Екі қабатты үйдің алдындағы орындықта екі адам отыр. Біреуінің үстінде былгары күртке, екіншісі қара пальто, сур қалпак, киіп, жағасын көтеріп алған.*

*Бұлар да көлеңкелерге қатты үқсайды.*

**1-ші көлеңке:**

Ахмет Байтұрсынов Кирревкомның мүшесі болып Лениннің колынан мандат алған. Оны білетін шығарсын.

**2-ші көлеңке:**

Білемін. Бұл он тоғызының жылы шілдеде болған оқиға. Бірақ Ахмет қой терісін жамылған қасқыр десе де болады. Өйткені, сырт көзге жылтыраса да, ол ешқашан да өзінің үлтшылдық пигылынан қайтқан емес.

**3-ші көлеңке:**

Сол Кирревкомда қазақ-орыс екі жікке бөлінгені де жаңагы қазақ халқының көсемі болып жүрген бұлдіргіштердің булиншілік әрекеті болуы керек.

Орталық партия комитеті Куйбышев, Голощекин жолдастарды бас қылғып Ташкенттен Москваға дейін жолға шыққанда Орынборда қандай оқыс оқиға болғанын білесіз бе? Сол ревкомның мүшесі Лукашев Байтұрсыновтың үлтшылдығын бетіне басып, оның іріткі жасап отырғанын айтқан гой.

**2-ші көлеңке:**

Естігемнін. Оған Ахмет беті бұлк етпей: Ложь! деп айқай салыпты. Лукашев алтындарын сұрып алғып, сол жерде Байтұрсыновты атып тастай жаздаған.

### *1-ші көлеңке:*

Атып тастаса обал жок еді. Қазақтар өзара автономия құрғанда да осы Ахмет Байтұрсынов алғашқы оку комиссары болды, тіпті коммунистік партияға кіріп алды. Бірақ, ол партиядан үзак болған жок.

### *2-ші көлеңке:*

Саяси көзқарасына байланысты партиядан шығарылғанын білемін.

### *1-ші көлеңке:*

Бірақ, осы кісінің бір оққағары бар ма, әйтеуір, қаймана қазақтар арасындаған емес, біраз білікті басшылар да онымен санасады, беделін мойындайды.

### *2-ші көлеңке:*

Орынбор қазақтары оның елу жылдық мерекесін де дұылдатып өткізді. Сәкен Сейфулиннің өзі сөз сойлең, Смағұл Садуақасов оның өмірі мен қызметі туралы баяндама жасады. Ахметтің жолдастары мен шекірттері де аянып қалған жок. Міржақып Дулатов пен Елдес Омарұлы казақшаны быладай койып, оны жер-көкке сиғызбай мактап, орыс тілінде мақалалар жазып, газеттерге бастыртып шығарды.

### *1-ші көлеңке:*

Александр Затаевич тіпті оның әндөрін де сол жолы орындалты.

### *2-ші көлеңке:*

Ол жастардың алдында сойлеген бір сөзінде: "Артта қалып, езіліп келген халық қашанда озық үлттарға тәуелді болады, сондыктан қазақ жастары елін тендерікке жеткізу үшін арымайталмай білім алулары керек" дегі.

### *1-ші көлеңке:*

Мұның енді ұлы орыс халқына қарсы айтылған нағыз үлтшылдық сөз екенін қалай ешкім байқамаған?

### *2-ші көлеңке:*

Жалпы, Түркістандағы ұлт мәселесі түбекейлі шешілді деп айта алмаймыз гой. Ал алашордалықтар сез жүзінде болмаса, іс жүзінде ниеттерінен қайтқан жок. Тіпті башқұрттардың өздері Салауаттың жырын жырлап, башқұрттың болек мемлекетін құрғысы келетінін жақында білдік. Татарлар да "Еділ-Орал" деп аталған автономия құру ниетін жасырмайды.

*1-ші көлеңке:*

Міне, байқап отырсың гой, Ахмет Байтұрсынов жалғыз емес.

Оны қолдаушылар да, табынушылар да жетіп артылады. Сондыктан теректі құлату үшін оның тамырына балта шабу керек. Бұтағын кескенмен, қайтадан өсіп шығуы мүмкін.

*2-ші көлеңке:*

Алашты қалаشتай кескілеу керек дейсіз гой.

*1-ші көлеңке:*

Ия, Ия! Бұл партияның мәссаңы!

### **Жетінші көрініс**

*Ахмет рухы:*

"Асықпандар, артымызда қазы бар,  
Тергел талай сүйектерің қазылар.

*(даудыс жаңғырығын, олғы екі жол күніреніп естіледі).*

Кен болар деп балшықты,  
Көл болар деп шалшықты,  
Біз үмітпен қазып ек.  
Дәреті жок аяктар,  
Корсылдаған саяктар,  
Былғамасын қасынды-  
Қасиетті басынды-  
Қазакқа не жазып ек?!

Байлаттырган қолымды,  
Бөгестірген жолымды,  
Жақыным бар, жатым бар,  
Хабарланған жатындар,  
Мен сендерге жүгіндім  
Төресі өділ қазы деп".

*Сахна бұрышында қара билгарымен қанталған қара стол.  
Қара қағазбен тысталған папка, қара телефон. Тергеуші Ахметтен  
жасауда алып отыр.*

*Тергеуші:*

Казір мына анкетага кол қою керек. Мүкият тындан отырыныз. Тағы бір оқып шығайын.

Аты-жөнініз - Байтұрсынов Ахмет. Туган жерініз Костанай

облысының Торғай шаңары /мысқылдан/ Карай көр! Торғай деген кішкентай ауыл емес пе ?!

*Ахмет:*

Әркімнің тұған жері - Мысыр шәрі деген. Торғай кішкентай екені рас. Бірақ, орыстар да оны қала деп атаган.

*Тергеуші:*

Жарайды! Тұрган жерініз - Алматы.

*Ахмет:*

Дұрыс!

*Тергеуші:*

Тұтқынға алынған уақытта еш жерде жұмыс істемеген көрінесіз.

*Ахмет:*

Тиіп-кашып оқытушылық жұмыспен айналысқанмын.

*Тергеуші:*

Шықкан тегінің - орта шаруа. Откен сағси жолының деген графага "Алаш" партиясының мүшесі болған деп жазамыз. 1930 жылы контрреволюциялық қызметтің үшін сотталғансыз. Бері дұрыс қой.

*Ахмет:*

Алып-қосарым жок.

*Тергеуші:*

Әйеліңіз - Байтұрсынова Бәдірисафа.

*Ахмет:*

Ия!

*Тергеуші:*

Денсаулық жағдайыны?

*Ахмет:*

Кудайға шүкір!

*Тергеуші:*

Жок! Олай деп қағазға жаза алмаймын той. Менің қолыма

тиген аныктамада жұмыс істейтін шамасы жок, мүгедек деп жазылған. Ендеше анкетада да солай көрсетеміз.

*Ахмет:*

Ықтиярыныз білсін!

*Тергеуші:*

Ендеше /қағазды ұсынады/ мына араға қолынызды қойыңыз.

*Ахмет* қолын қояды.

*Тергеуші:*

Сондай мәдениетті, әдепті адам екенің түрінізден де, сезініңден де көрініп түр. Соншама ақылмен мынандай былыққа шатылғаныныз өкінішті.

*Ахмет:*

Менің былыққа қатысым жок. Еліме қарсы ерсі қылық жасаған жерім жок.

*Тергеуші:*

Жарайды, алған бетінізден қайтпайтынызды білемін. Мен сізді шынында да сыйлағаннан сіз деп сөйлесіп отырмын. Енді өзіңізге тағылған айыптың корытындысын оқып берейін.

1921 жылы Орынбор қаласында контрреволюциялық үйим күргансыз. Орта Азиялық пантюркистік үйымның басшысы Валидовпен тығыз қарым-қатынаста болып, байланыс жасағаныныз үшін сотталып, денсаулығыныз нашарлауына байланысты мерзімінен бұрын босап шыққансыз. 1917-1919-шы жылдары Кенес үкіметіне қарсы өрекет жүргізгенің дөлелденген. Революция жеңіске жеткеннен кейін оған қарсы астыртын үйим құрып, оның басшыларының бірі болғансыз. Алматыға қайтып оралғаннан кейін де контрреволюциялық түркі халық партиясының белсенді мүшелерінің бірі Қабдалиевамен жолығып, байланыс орнатқансыз.

*Ахмет:*

Жок, соңғы кезде мен бірыңгай оку-агарту жұмысымен айналыстым. Ешқандай саяси құреске қатысқан жоклын. Одан кейінгі уақытта саналы турде бас тартқанмын.

*Тергеуші:*

Сонда сізге елінізді кім басқарса да бөрібір дегініз келе ме?

*Ахмет:*

Менің идеалым - казак халқының тұрмыс жағдайын, мәденистін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның иглікті дамуының алғы шарты болғандыктан мен осы муратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соган риза болмақпын...

*Тергеуші:*

Мемлекеттің киргиз атауын қазак атауына өзгертуенде де осындай піғылда болдым демекіз бе?

*Ахмет:*

Ия, онда тұрган не бар?! 1925 жылы автономиялық республикалар советтерінің съезінде: "Енді тарихи шың атымызды өлемге дұрыс әйгілеу біздің міндетіміз. Шың атымыз Кырғыз емес, Казак. Одан бас тарту алты-жеті миллион үл-қызы бар улттың өз атын не жоғалтып, не жасырып, басқаның атына зорлық ия қанағат қылыш жүре беруі тарих алдында уят болады"- дегенмін. Тарихи өңілдік қалпына келді, біздің де қоңліміз тынды.

*Болме іші тағы қара қолеңкеленіп, бұрыштан қап-қара албастыдай еңсені басқан қолеңкелер елес береді.*

*1-ші қолеңке:*

Ахметті мәденисті биік, зиялды адам деседі. Олай деуге ауыз бармайды. Өйткені ол кеменгер орыс халқының мәденистін мойында майды. Тіпті аузына да алмайды. Мәселен, "Мәденист тарихы" деген кітабында қазак үлттың мәденистін жер-кокке сиғызбай мактайды, ал ескіліктің сарқыншактары туралы жумған аузын ашпайды.

*2-ші қолеңке:*

Ендігі ел азаматы біз боламыз. Шығатын төр де біздік, ішетін ас та біздікі. Ийіп тесек, жантайып жастық болмайтындар болса, е-хе-хе, олардың да жөнін табармыз. Алаштыз, азаматтыз деп жүргендердің туқымын түздай күртыйп, артында із де қалмайтындағы қылу керек.

*Ахмет рухы: /даудың алыстан талым жеткендей естіледі/*

Каз едік қатар үшіп қанқылдаған,  
Сахара көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаудан шыққан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарылмаған!?

Алаштың адамының бөрі мәлім,  
Кім қалды таразыға тартылмаған?